



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№182
(20656)



28 қараша, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz



www.facebook.com/syrboiy_kz/



www.instagram.com/syrboiy_kz



https://twitter.com/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ОҢ БАҒАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев AD Ports Group компаниясының басқарушы директоры Мұхаммед Жуму әл-Шамисиді қабылдады.

Кезлесу барысында Мемлекет басшысы Ақтау және Құрық порттарын дамытуды Қазақстан стратегиялық мақсат етіп отырғанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мұхаммед Жуму әл-Шамиси AD Ports Group компаниясының көлік-логистика саласындағы бай тәжірибесін ескере отырып, осы саладағы өзара тиімді қарым-қатынастың перспективаларын талқылады. Мемлекет басшысы Қазақстан мұнайын Орта дәліз арқылы Әзербайжанға тасымалдау жөніндегі «ҚазМұнайГаз» компаниясы мен AD Ports Group арасындағы ынтымақтастықты оң бағалады.

Президент Еуразияны Шығысқа, Африкамен және Үндістанмен байланыстыратын «Солтүстік – Оңтүстік» бағдарының әлеуетін пайдалану жоспары туралы айтты. Оның пікірінше, 2027 жылға қарай аталған бағыттың жүк өткізу қабілеті кемінде 70 пайызға артып, 9 миллион тоннадан 15 миллион тоннаға дейін ұлғаяна тиіс. Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан темір жолы» мен AD Ports Group арасында бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі уағдаластықты ерекше атап өтіп, бұл жобалардың табысты жүзеге асырылуына тілектестік білдірді.

ІСКЕРЛІК ИГІЛІГІ

ЖАҢА НЫСАНДАРДЫ АРАЛАП КӨРДІ

Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Тимур Қарағойшин ведомство өкілдері, барлық облыс әкімдерінің құрылыс саласына жауапты орынбасарлары, басқарма басшыларымен бірге облыс орталығындағы құрылыс алаңдарын аралады.

Алдымен вице-министр сол жағалаудағы жаңа автовокзалға барды. Құрылысына 975 млн теңге бөлінген заманауи үлгідегі автовокзалда жолаушыларға қолайлы жағдай жасалып, қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Ғимаратта тек жолаушылардың күту залы

ғана емес, сонымен қатар ірі сауда және қоғамдық тамақтандыру орындары, автокөлік жөндеу цехтары жұмыс істейді. Пайдалануға берілгеннен кейін 124 рейс бойынша 55 автобус маршруты ашылады.

2-бет

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

Елімізде әр тоқсан сайын халықтың орташа жалақы мөлшерін анықтап отыратын дәстүр бар. Осы аптада Finprom.kz Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйеніп, азаматтардың биылғы үшінші тоқсандағы орташа табыс деңгейін жария етті. Алайда бір дүниені баса айтқымыз келеді, қымбатшылық қарқын алған сайын ресми статистика шығарушылар елдегі жалақы мөлшерін де асырып көрсететін әдет тапты. Қоғамда ақпаратқа күмәнданған жандар көп, күмән негізсіз де емес. Біз сұрау салған қаржы саласының сарапшысы да аталған дерекке сенгісі келмейді. Шынында, орташа жалақы мөлшері қандай межеде, сандар қалай түзіледі?

Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

СӘНДІ САНДАР ШЕРУІ: ОРТАША ЖАЛАҚЫ ОЙДАН ҚҰРАЛМАЙ МА?

ҚИСЫНСЫЗ ЕСЕП-ҚИСАП ҒАНА ЕСКЕРІЛМЕЙТІН САНАҚ ТҮРІ

Сонымен, биыл үшінші тоқсандағы ресми орташа жалақы мөлшері 355 мың теңгеден асып түсті. Өткен жылмен салыстырғанда 16,9 пайызға, инфляциямен салыстырғанда 3,5 пайызға өсіпті. Бір сөзбен айтқанда, ақпаратта «жалақы қымбатшылықты еңсеруде» деген тұспал бар. Әр өңірдің көрсеткішін жіктеп жатпаймыз, ең көп жалақы Атырауда (602,4 мың теңге), ең азы Түркістан облысында (248,9 мың теңге) екен. Ал Қызылорда облысында 303,7 мың теңге деп көрсетілген. Енді құзырлы органдар жалақыны қалай есептейтініне тоқталайық, мәселен, бірінші адам 100 мың теңге, екінші адам 1 миллион теңге айлық аласа, ортақ табыс 550 мың теңге деп қорытындылай салады. Демек, санақ халықтың шынайы жағдайын ашып көрсетпейді. Экономист Марат Қайрленов те бұл сөзімізді нақтылай түсіп отыр.

— Бізде орташа жалақыны есептеу жүйесі жоқ. Жағдайды шынайы бағаламайды. Егер медиандық модульдік түрде есептесе құптар едік. Орташа жалақының дұрыс есептелмегеніне бір дәлел — азық-түлік шығындары. Бұрын қазақстандықтар жалақысының 33 пайызын азық-түлікке жұмсайтын. Қазіргі Румыния, Босния елдерімен шамалас еді. 2021 жылы бұл көрсеткіш 53 пайызға жетті. Африка елдерінде азық-түлікке жалақының 52-56 пайызы жұмсалды. Демек, біз әлемдегі ең кедей елдердің санатына қосылдық. Еуропа елдерінде азық-түлік шығыны 18 пайыздың төңірегінде ғана. Елімізбен салыстырғанда 3 есе айырмашылық бар. Былтыр Үкімет Мемлекет басшысына есеп беріп, «2 миллионнан астам адамның жалақысы өскенін» айтты. Әрине, аз емес. Бірақ елімізде еңбекке қабілетті 9,3 млн адам бар. Сонда оның 23 пайызының ғана жалақысы өскен. Мүмкін бизнеске қызметкерлерінің айлығын

өсіргендер бар болар. Дөңгелетіп 25 пайыз деп алайық. Ал 75 пайызының жағдайы не болып жатыр? Осы ситуацияға назар аудармадық. Азық-түлікті айтпағанда, азаматтар коммуналдық шығын, несие төлейді, балалардың керек-жарағы бар. Осыдан кейін адамдар қалай өмір сүріп жатқанын бағамдай беріңіз, — дейді сарапшы.

МЕДИАНДЫҚ ЖӘНЕ МОДУЛЬДІК — ШЫНДЫҚҚА ЖОЛ

Қазақстандықтардың ай сайынғы орташа табысы 355 мың теңге деп көрсетілді, дегенмен жұрттың бәрі осындай көлемде айлық алмайтыны белгілі. Ал медиандық тұрғыдан қарасақ, тұспалдауымыз бойынша 225 мың теңгеден аспайды. Шыныдаққа жакыны — осы. Мысалы, былтыр еліміздегі әр азаматтың орташа табысы 315 мың теңге деп көрсетілгенде, медиандық жалақы 196 мың теңге мөлшерінде ғана болды. Орташа жалақы мен медиандық жалақы мөлшерінің арасында 37 пайыз айырмашылық тіркелген. Бұл дегеніміз, әлеуметтік теңсіздіктің көрінісі, алшақтық неғұрлым көп болса, жалақы теңсіздігі мен аз айлық алатын адамдар саны арта береді. Демек, былтыр ірі және орта кәсіпорындарда жұмыс істейтін халықтың 50 пайызы 196 мың теңгеден артық жалақы алмаған. Медиандық есептеу жүйесі қалай десеніз, құлды барлық адамды бір дәлізге кіргізіп жібергендей, жұмыс істейтін азаматтардың барлық жалақысын қосса, сосын адамдардың санына бөледі. Дамыған Еуропа елдері медиандық көрсеткіштен гөрі модульдік көрсеткішті құп көреді, яғни, қоғамда қай мөлшердегі жалақы көп кездеседі, соны алады. Сондай-ақ кәрі құрылым медиандық жалақы көрсеткішінің 50 пайызы елдегі ең аз жалақы болуы керек десе, көрші Ресей медиандық жалақының 40 пайызын ең төменгі күнкөріс деңгейі ретінде қарайды. Егер бұл көзқарасқа сәлсәк, Қазақстанда ең аз жалақы 100 мың теңгеден



Фото: Аиық дереккөзінен

Бұрын қазақстандықтар жалақысының 33 пайызын азық-түлікке жұмсайтын. Қазіргі Румыния, Босния елдерімен шамалас еді. 2021 жылы бұл көрсеткіш 53 пайызға жетті. Африка елдерінде азық-түлікке жалақының 52-56 пайызы жұмсалды. Демек, біз әлемдегі ең кедей елдердің санатына қосылдық.

кем болмай, ең төменгі күнкөріс деңгейі 85 мыңнан асуы қажет еді. Міне, жоғары деп бағаланған ресми орташа жалақы мөлшері аталған мәселелерге келгенде, жай сандар күйінде қалып отыр.

Негізі елімізде статистикаға қатысты кемшілік жетерлік. Мысалы, ауыл халқының орташа жалақысы жайлы деректер жоқ. Бір-екі мәрте мінберлерден айтылды, әйтсе де жауаптылар осынау статистикалық деректі түзуді қажет деп таппайтындай. Өйткені шынайы жағдайды көрсету атқаміндерлерге қажет емес дүние. Ауыл халқының орташа жалақысын шығарса, ел біраз дүрлігер еді. Шәнділерге аула сыйлаушының қанша теңге айлық алатынын көрсету де қажет емес. Демек, статистикаға саясаттың ықпал ететінін әр кез білген жөн.

Біреу білсе, біреу білмес, жалақы туралы деректерге әсер ететін түрлі факторлар бар.

Елде барлық жүкті әйелге бірдей төленетін жәрдемақпадан бөлек, әлеуметтік сақтандыру қорынан қосымша жәрдемақы алуға мүмкіндік берілген. «Декретке миллионмен шығу» деген ауызекі ұран да жайлап кеткені мәлім. Бірақ ол миллионды алудың өз шарттары бар. Ол адамның айлық табысы 290 мың теңгеден кем болмауы тиіс. Дегенмен екі адамның бірінде ондай жалақы жоғы белгілі ғой. Сонан соң әйелдер жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, патентке 1 пайыз (табыс салығы) — 2 970 теңге, зейнетақы қорына 10 пайыз — 29 700 теңге, әлеуметтік төлемге 3,5 пайыз — 10 395 теңге төлейді. Осылай 12 ай бойы төлем жасап, бала күтіміне байланысты демалысқа миллионер болып шығуға әрекет жасайды. Енді қараңыз, осындай қаламға барғандардың бәрінің жалақысы ресми түрде 290 мыңнан артыққа саналып кетеді. Бұл фактордың да елдегі орташа жалақы мөлшерінің жоғары болып көрінуіне аз да болса ықпал етіп жатқанын жоққа шығара алмаймыз.

Түйіндер болсақ, елімізде орташа жалақы 355 мың теңге дегенге көпшіліктің күле қарауы тегін емес. Біздің ойымызша, медиандық көрсеткіш (шамамен 200-230 мың теңге шегінде) шыныдаққа жақын. Статистика құраушылардың аяқасты бұлай «айды аспанға шығарғанында» бір мән жатқандай. Қымбатшылық халықтың алқымынан алып тұрғанда «соған сай жалақы да өсіп жатыр» деген ойды тудыруға ұтымалсыз керек. Себебі инфляцияға бір ғана қару — отандық өндіріс ішкі қажеттілікті толық өтеуі тиіс, ал ол болмаса, қымбатшылықпен қатар жалақының да өсіріп отырады. Бірақ іс жүзінде өсіруді мензеп турмыз...

БАСПАСӨЗ – 2024

Құрметті оқырман!

2024 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҰРГІЗІЛУДЕ.

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:

- жекелер үшін — 4000 теңге,
- мекемелер үшін — 5000 теңге.

ОТАН ЖӘНЕ ДІН

Әрбір адамның жүрегіне ең жақын бір адамы мен ыстық бір дүниесі болады. Бұл — өзін дүниеге әкелген анасы және кіндік қаны тамған туған жері. Байқадық па, осы жерде еке деген сөз жоқ. Ал негізінде мына әлемді анамыз көрсетсе, Отанды әкеміз береді, яғни асқар таудай әкеміз кішкене қазықты қай жерге қағады, сол жер бізге күш беретін туған жеріміз, тербелген бесігіміз болады. Ертерден келе жатқан нақылдардың ішінде «Отан отбасынан басталады» деген сөз бар. Осыны кім қалай түсініп жүр, осыған келейік.

Отан деген не? Мен осы сұрақты көптеген жандарға қойдым. «Отан — менің ата-анам» немесе «Отан — менің бауырларым», «Отан — біздің туған жеріміз», «Отан — ол мемлекетіміз» деген жауаптар алдым. Алайда бәрібір көңіліме қонбады, неге? Өйткені, Отанның

негізін құраушы адам өзін айтпай тұр. Егер де осы сұрақты маған қояр болса, «Отан деген — мен және менің отбасым!» дер едім. «Әлемді өзгертің келсе, өзіңнен баста» демейді ме? Сол сияқты, Отан адамның өзінен басталады, яғни жоғарыда айтқанымыздай, әкенің қакқан қазығына айналған адамның өзі

Отан, оның әкесі мен анасы, бауырлары, жары мен бала-шағасын қосқанда үлкен Отанның кішкене бір бөлшегін құрайды. Сондықтан, Отан өзімізден, өз отбасымыздан, өз үйімізден, өз ауылымыздан, өз қаламыздан, өз өңірімізден, өз аймағымыздан басталады.

Отансыз адам бола ма немесе дінсіз адам бола ма? Дінсіз адам болады дейміз-ау, бірақ Отансыз адам болмайды дейміз, дегіміз келеді де. Өкінішке орай, фактінің аты факті, өзімізден дәлелдер келтірер болсам, мысалы, өзін, өзінің өмірін, Құдай қосқан жарын, туған бала-шағасын қоспағанда тігіп жіберген, әке-шешесін қарттар үйіне сүйреп апарып тастаған, Отанның опасыздық жасаған, елін тонап қашқан,



Фото: Аиық дереккөзінен

өзге елде отырып, өз еліне саяраған, дінді жамылған экстремист пен террористтің тіпті «Елімізде әділдік жоқ, жұмыс жоқ, коррупциядан шаршадым» деген сөздермен өзге елді пана тұтатын адамдарды Отанын немесе дінін сүйеді деп айту қиындау. Себебі, «Отан сүю — иманнан» деген асыл сөз бар. Мен неге Отан мен дінді қатар айтып отырмын. Өйткені, Отансыз дінді, дінсіз Отанды көру тугілі, елестету мүмкін емес. Күні бүгінге дейін «Адамды сүй, Алланың хикметін сөз» деген Абай атамыздан асып түскен адам жоқ. Сол сияқты, Отанды сүй адамның иманында. Мынаны жақсылап ұғынып алайық. Егер адамда иман болмаса, Отанда дін болмайды. «Отансыз адам — ормансыз бұлбу» сияқты болса, «Дінсіз ел — дінгеіте бос ағаш» болмақ.

3-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ



ҚЫТАЙЛЫҚ ИНВЕСТИТОРЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қытайлық «Peng Sheng Group» компаниясы өкілдерімен кездесіп, өңірдегі инвестициялық жобаларды таныстырды.

Аймақ басшысы қызылордалықтар жаңа іскерлік байланыстар орнатып, өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытуға әрдайым ашық екенін жеткізді.

на шыны өндіретін еліміздегі алғашқы «Орда Глас» шыны зауыты және жылына 1 млн тонна цемент өндіретін «Гежуба Шиели Цемент» зауыты жұмыс жасауда.

жүзеге асыруға мүдделі екенін атап өтті. Сонымен қатар егін шаруашылығы техникаларын құрастыруға бағытталған өндіріс ашу мүмкіндіктерін қарастырды ұсынды.

ЖАҢА НЫСАНДАРДЫ АРАЛАП КӨРДІ



Мұнан әрі Тимур Қарағойшин «Ер-Ару» тұрғын үй кешенін көрді. Қала орталығында орналасқан кешен жыл соңына дейін пайдалануға берілімек.

көрсету бастамасын, «Туған жерді бірге түлетейік» үндеуін кәсіпкерлер қолдады. Демеушілер есебінен 37 млрд теңге қаржы тартылды.

Мұнан әрі вице-министр облыс орталығындағы Жаппасбай батыр көшесінде орналасқан көпқабатты тұрғын үйге барды.

дәріптеледі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді жаңғыртуға мүмкіндік беріледі. Мұнан әрі вице-министр облыс орталығындағы Жаппасбай батыр көшесінде орналасқан көпқабатты тұрғын үйге барды.

БАЙҚОҢЫРДАҒЫ БЕРЕКЕЛІ БАСТАМАЛАР



Байқоңыр қаласында Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес жүйелі түрде жеке қабылдаулар және құқық қорғау органдары басшыларының қоғамдық қабылдаулары өтуде.

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Қазір Байқоңыр қаласында 57,4 мың адам тіркелген, оның ішінде 40,6 мыңы Қазақстан Республикасының, 15,5 мыңы Ресей Федерациясының және 1,4 мың басқа мемлекеттердің азаматы.

Айта кету қажет, Байқоңыр қаласының ерекше статусына байланысты туындайтын өзекті және проблемалық мәселелер «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясында қаралады.

Денсаулық сақтау саласы бойынша мемлекетаралық келісімге сәйкес, Байқоңыр қаласында қазақстандық және ресейлік медициналық ұйымдар қызмет көрсетеді.

Сонымен қатар, «жұлдызды қалада» 351 көпқабатты үй бар. Тұрғын үй мәселелерін шешу үшін Қазақстан Республикасының қаражаты есебінен 2021 жылдан бері Байқоңыр қаласының 7 «А» шағын ауданында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында елу пәтерлі бес тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

Мемлекет басшысының елді мекендердің әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту тапсырмасына сәйкес, 2022 жылы қалаға іргелес Төретам және Ақай елді мекендерін де газдандыру жұмыстары басталған еді. Қазір Ақай ауылына газ тарту жұмыстары толығымен аяқталып, «ҚазТрансГаз Аймақ» мекемесі тұрғын үйлерді табиғи газға қосуда.



СЫР ӨНІМДЕРІ 21 ЕЛГЕ ЭКСПОРТТАЛАДЫ

Мемлекеттік қолдау нәтижесінде биылғы 10 айда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 200,3 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,6% артқан.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Биыл облыс бойынша 193,4 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Негізгі дақыл күріштің көлемі – 89 мың гектар. Егіс өткен жылмен салыстырғанда 4,8 мың гектарға ұлғайды.



Тимур Жиенбайұлы Абай даңғылы бойындағы көпқабатты тұрғын үйлер ауласын абаттандыру жұмыстарымен де танысты. Мұнда 4 автотұрақ, 8 демалыс орны, 4 ойын, спорт және футбол алаңы салынған.

Министрдің орынбасары жақында ашылған «Анаға тағым» орталығына аялдады. Бұл нысан да белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен салынды.

Кеше аралап көрдік, тұрғындар өте риза. Мемлекет басшысы тапсырма бергендей, ауылдық елді мекендерді дамытып, онда жаңа жұмыс орындары құрылады. Келер жылы бұл бастама барлық өңірлерде жалғасын таппак Жергілікті құрылысшылар да қолдау білдіруде, – деді ол.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

СЫР ӨНІМДЕРІ 21 ЕЛГЕ ЭКСПОРТТАЛАДЫ

Мемлекеттік қолдау нәтижесінде биылғы 10 айда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 200,3 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,6% артқан.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Биыл облыс бойынша 193,4 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Негізгі дақыл күріштің көлемі – 89 мың гектар. Егіс өткен жылмен салыстырғанда 4,8 мың гектарға ұлғайды.

жаңбырлатып суару әдістері пайдаланылды, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

шығарылған тауарлардың 84,8 пайызын күріш құрайды. Оған Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Украина, Түркіменстан, Грузия, Монғолия және Ирак мемлекеттері сұраныс беріп отыр.

Облыста «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру бойынша биыл 3 млрд теңге қаралған. Бұл бойынша қаржыландыру бағыты анықталып, барлық ауылдық елді мекенде түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

жобалардың жол картасында 26 жоба қамтылған. Сол арқылы 618 жаңа жұмыс орнын ашу ойластырылуда.

Облыста жыл басынан 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының 9 түрінің бағасы қиымбаттаған. Олардың қатарында қырыққабат, күріш, сиыр еті, сары май, сүзбе, нан, ұн, рожки, жұмыртқа бар.

АПАТТЫ ҮЙЛЕР АЗАЯ МА?

Биыл облыста 4 елді мекен табиғи газға қосылды. Сондай-ақ 26 газбен жабдықтау жобасын жүзеге асыруға 9,3 млрд теңге бөлінді.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Жыл қорытындысымен газдандыру деңгейін 75 пайызға жеткізу жоспарланған. Сонымен қатар облыстағы барлық 230 ауылдық елді мекеннің 198-і орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылған.

әртүрлі 1867 қосалқы станция бар. Олардың тозу деңгейі 68%. Мәселені шешу үшін «Ауыл – ел бесігі» және басқа да бағдарламалар аясында қаржы бөлінуде.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Халықтың ауызсумен қамтылуы жақсарды. Сонымен қатар облыстық бюджеттен Арал ауданы Құланды елді мекеніне және Шиели ауданы Жуантөбе елді мекеніне су тұщықшаш орнатуға 38,5 млн теңге бөлінді.

Басқарма басшысының айтуынша, облыста 10 мың шақырымнан астам электр желілері мен кернеуліктері

басын жүзеге асыруға 3,7 млрд теңге, сонымен қатар «ҚРЭК» АҚ жарғылық капиталын ұлғайтуға облыстық бюджеттен 1,6 млрд теңге бөлінді.

Айым Әбдіраманов

Басқарма басшысы апатты үйлер мәселесіне де тоқталды. Облыста сараптама қорытындысымен апатты деп танылған 54 көпөтерлі тұрғын үй бар. Оның 50-і Қызылорда қаласында.





ОТАН ЖӘНЕ ДІН

Қатты бір жел тұрса, орнынан ұшып кете беретін болады. Сондықтан Отан адамға қаншалық қажет, дін де соншалық қажет. Себебі, адамды жаратқан Алла, ал оның діні махаббат, яғни өзіңді сүю – Отанды сүю. Ал ол қасиетті тек дін ғана береді. Тағы да қайталап айтамын, қандай аламан апаттардан өтіп жатса да, бірде-бір кемістігіне қарамастан, өз Отанын шексіз сүю – мұсылманның шынайы иманын. Мысалы, бұған Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың туған жеріне деген сүйіспеншілігі дәлелді факт. Бірде Меккеден Асыл әл-Ғұзали деген кісі (с.ғ.с.) пайғамбарға келеді. Сонда одан туған жері Мекке жайлы сұрап бастайды. Асыл жайлап айта бастаған кезеңде, Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Асыл, тоқтай тұршы! Жүрегің біраз тынышталсын» дейді, яғни туған жеріне деген сағынышты кеудесіне толғанып жүрген қатты-қатты соғып кеткен екен. Пайғамбардың (с.ғ.с.) Мекке жайлы: «Сен қандай әлемсің! Мен сені бәрін де ерекше жақсы көремін. Егер халқым мені елімнен қумағанда, туған жерімнен ешқашан кетпес едім» деп айтқаны бар. Дәл осы жерде назар аударатынымыз, Пайғамбар (с.ғ.с.) туған жері Меккеден қуылса да, туған жерінен қоса, қуған еліне де ешқашан жек көрмеді. Бізге жеткен тағы бір хадисте: «Өмірдің өткен кезеңіне өкіну, Отанға деген сүйіспеншілікпен байланып жексіз достарға қамқорлықпен қарым-қатынас жасау – тектіліктің көрінісі» делінген. Ал кешегі еліміз бен жерімізді қорғаған бабаларымыз бен қазіргі заманғы қазақстандықтармыз, олардың қарсаңында тұрған әрбір мұсылман үшін бұл сөздер ерекше маңызды. Бізге жеткен тағы бір хадисте: «Отан – бұл еліміздің сүйегі, еліміздің қаны, еліміздің рухы. Отан елдің қанығынан, өз елімізге тансық болмайық. Жаратушы бізді, біздің жүрегімізді жақсы көреді. Ендеше, Оны жек көріңіз дегенді біз де жақсы көрейік, ағайын!

Екіншіден, Отанға опасыздық, дінге қиянат, елге обалдық жасамау. Тіпті қандай да бір күнәп те де, Отанды тастап қашпа, қандай да бір шікілік туындаса, діннен безбеу. Әйтпесе адамзат бәрін ажырайды. Төртіншіден, елімізді ұлтсыздықтар мен арьсыздықтарға жол бермеу. Түсіндіріп тұрғанда, қолмен тоқтат, барып тоқтат, ренжіп тоқтат, айтыр қандай да бір күнәнің түрін жасаушыға дұрыс жолды көрсетуде атқарса, Жапын, әркім күнәдан өзін қорғаса, Отанын қорғағаны, дінін сақтағаны. Ал егер әркім өзін дамытса, Отанын дамытқаны, дінін шарықтатқаны.

Бесіншіден, «Тазалық – иманның жартысы» дегендей, кішкене болса да Отан тазалығына ұлес қос. Бір ұлтқанды ағамыздың «Патриоттық подвезден басталады» немесе «Қас-қайып Алматыда тұрса да, еңкейіп еліміз подвезд жұлдыз» деген бір аңауымыздың сөзі бар. Бұл дегеніміз – өзімізден бастап, өз үйімізге, өз подвездімізге, өз ауламызға, өз көшемізге бел бұту, сыныр, тазалау деген сөз. Тіпті жолда жатқан тасты алып тастаудың өзі дінимізде сауап, Отанымызға ұлес. Сондықтан, әрқайсымыз айналамызды тазасақ, жүрегіміз де, Отанымыз да, діниміз де тазалады.

Алтыншыдан, өзіміздің мұсылман және қазақ екендігіміз ұмыспау, яғни дін мен дәстүрге берік болу. Ата дініміздің шаңырағын тік ұстап құлатпау, әжелеріміздің дәстүрін қорғауымыз керек. Қазақ болып көк байрағымызды желбіретсек, мұсылман болып дінімізді көтере білейік. Өйткені бұл екеуі – бабаларымыздың сұл сөзі. Осы күнге дейін елімізді жетілдіріп, елімізді дамытып, елімізді қорғауымызға арқау болып қалғанымызды еске аламыз.

Дегенмен, Отанымызға ең бастысы не қажет, дінимізге ең маңыздысы не, осыны білеміз бе? Тәуелсіздік, тыныштық, тұрақтылық, осы үштіктің қайсысы бірінші тұруы керек? Кезінде имам Разидан:

– Дүниеде тыныштық қымбат па, тоқшылық қымбат па? – деп сұрайды.
– Тыныштық маңызды, – деп жауап береді.
– Оны қалай дәлелдейсіз? – дегенде.
– Ауру қойдың алдына жем қойылса, жемін асықпай жей береді. Ал енді сау қойдың алдына жем беріп, бірақ қарсына қасқырды қойсаң, қанша аш болса да, алдындағы жемін жей алмайды. Неге? Өйткені, жүрегінде қорқыныш бар – деген екен.

Соньмен, Отан мен дін үшін не істей аламыз, қандай қызметтерді атқара аламыз?
Біріншіден, Отан үшін әрдайым дұғада болу. Біліңіздер, бұл – сүннет амал. Отанымыз болса, біз бармыз, діниміз бар, Отанымыз болмаса, біз де болмаймыз, діниміз де болмайды. Сондықтан, «Маған ғана бола берсін, маған ғана бере бер» дей бермей, басымызға бақ болған Отанымыз бен діниміздің бүтіндігіне дұға аямаңыздар, аянбаңыздар. «Көп түкірсе, көл болады» демекші, бұл дұғалар – Алламен тілдесу, исламның есігін ашу.

Екіншіден, Отан мен дін үшін бірге қадам басу яғни, Алла Тағала

бас имамы,
дінтанушы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАРАШАДАҒЫ №199 ҚАУЛЫСЫ «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 15 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ №579 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 қыркүйектегі №579 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережесінде:
15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «15. Функциялары:
1) облыстағы жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты талдайды, болжайды және уәкілетті мемлекеттік органға хабарлайды;
2) өңірлік жұмыспен қамту карталарын бекітуді және іске асыруды жүзеге асырады;
3) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін іс-шараларды өткізеді;
4) жұмыс орындарының босау және қысқару тәуекелдері бар ұйымдарды мониторингтеуді жүзеге асырады;
5) кәсіпкерлік бастаманы дамыту арқылы жұмыс орындарын құруды қолдайды;
6) жұмыспен қамту, жұмыс іздеуші адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуді мониторингтеуді жүзеге асырады;
7) мүгедектігі бар адамдар үшін ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының өскіден төрт пайызына дейінгі мөлшерде жұмыс орындарына квота белгілеуді жүзеге асырады;
8) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) және өңірлік комиссиялар туралы ережелерді бекітеді;
9) ұлттық жобалар, облыстың даму жоспарлары, өңірлік жұмыспен қамту карталары шеңберінде жұмыс орындарының құрылуын мониторингтеуді жүзеге асырады;
10) жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына арналған елді мекендердің тізбесін бекітуді жүзеге асырады;
11) «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының» «Еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;
12) арнаулы әлеуметтік қорғалатын қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;
13) өздерінің қарауындағы арнаулы әлеуметтік қорғалатын қызметтерді ұсынатын субъектілерді құрады және олардың қызметін қамтамасыз етеді;
14) арнаулы әлеуметтік қорғалатын қызметтерді ұсынатын субъектілердің арнаулы әлеуметтік қорғалатын қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынуын қамтамасыз етеді;
15) халықтың арнаулы әлеуметтік қорғалатын қызметтерге деген қажеттілігін талдау жүргізеді;
16) халықтың арнаулы әлеуметтік қорғалатын қызметтерге деген қажеттілігін статистикалық талдауды, болжауды жүргізуді қамтамасыз етеді;
17) арнаулы әлеуметтік қорғалатын қызметтерді ұсынатын субъектілерді кадрмен қамтамасыз ету, әлеуметтік жұмыскерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;
18) арнаулы әлеуметтік қорғалатын қызметтерді ұсыну жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдауды жүзеге асырады;
19) арнаулы әлеуметтік қорғалатын қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесін және оларды ұсыну тәртібін зерттеуді және облыстың жергілікті өкілді органдарына бекітуді ұсынады;
20) мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен көрсетушілерді құрады;
21) мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік қорғау шараларын ұсынады;
22) мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды жүзеге асыратын ұйымдарды құруға ықпал етеді;
23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды) ұйымдастырады;
24) мүгедектігі бар адамдарды оңалту жөніндегі мамандарды, оның ішінде ылмау тілі мамандарын, Брайльдің белдері-нүктелі қарпімен оқу және жазу жөніндегі мамандарды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;
25) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне сәйкес тиісті аумақтық әлеуметтік, кәсіптік оңалтудың орындарын ұйымдастырады;
26) мүгедектігі бар адамдарды жеке мүгедектігі бар балаларды жеке бағдарламаға сәйкес санаторийлік-курорттық емделуді қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
27) мүгедектігі бар адамдарды жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
28) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік

- қорғалатын қызметтер порталы арқылы ұсынылатын тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілер мәлімдеген олардың сипаттамаларының мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптаушына сәйкестігін мониторингтеуді жүзеге асырады;
29) мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мәдени, ағарту және өзге де іс-шараларын ұйымдастырады;
30) мүгедектігі бар адамдарға қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіреді;
31) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы өңірлік үйлестіру кеңесінің қызметін қамтамасыз етеді;
32) азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру мамандар лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органдармен келісу бойынша айқындайды;
33) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған халық санаттарын жұмысқа орналастыру үшін квота белгілеуді жүзеге асырады;
34) пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды әлеуметтік бейімдеу және оңалту арқылы әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсету саласындағы өкілеттіктерді атқарады;
35) жұмыс берушілердің өңірлік бірлестіктерімен (қауымдастықтарымен, одақтарымен) және жұмыскерлердің өңірлік бірлестіктерімен өңірлік (облыстық) келісімдер жасайды;
36) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қысқарту мәселелері мен органдардың қызметіне жәрдемдеседі, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтесен адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультациялық-кеңесші органдарды құрады;
37) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ мекемелерден босатылған адамдар үшін жұмыс орындарын квоталарын белгілеуді жүзеге асырады;
38) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық және әлеуметтік қорғалатын қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;
39) өздеріне қатысты пробация қолданылатын, өмірлік қиын жағдайда деп танылған адамдарға Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді;
40) мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді;
41) мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек және өзге де көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктерді орындайды;
42) халықтың әлеуметтік жағынан дәрменсіз топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіреді;
43) өз құзыреті шегінде халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін іс-шараларды өткізу арқылы халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын, сондай-ақ бюджет есебін қаржыландырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің басқа да шараларының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;
44) өз құзыреті шегінде босқындар мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асырады;
45) ана іздеген адамның күзлігін береді;
46) босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату рәсімдерін жүзеге асырады;
47) босқын күзлігін береді;
48) ана іздеген адамдардың және босқындардың тізімдерін қалыптастырады және ай сайын уәкілетті органға, ұлттық қауіпсіздік органдарына және ішкі істер органдарына жібереді;
49) босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату рәсімдерін жүзеге асыру жөніндегі комиссияларды құрады;
50) ана іздеген адамдар мен босқындар құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді;
51) жергілікті деңгейде тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді;
52) көмек көрсету жөніндегі ұйымдарды құрады және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
53) тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен тұрмысы қолайсыз отбасыларды анықтауды және оларды есепке алуды жүргізеді;
54) тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге жабірленушілерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ұйымдастырады;
55) жергілікті атқарушы органдардың қайырымдылық жасаушылар, қайырымдылық ұйымдары қайырымдылық көмек көрсету туралы ұсыныстармен өздеріне жүгінген кезде әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде олардың қызметін үйлестіреді;
56) өз құзыреті шегінде халықтың көші-

- қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
57) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға тиісті аумақтарды қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыруға арналған өңірлерге жатқызу туралы ұсыныстар енгізеді;
58) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың алдағы жылға өңірлік квоталарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
59) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
60) ұлттық қауіпсіздік органдарын хабарлар ете отырып, еңбекші көшіп-қонышыларды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады;
61) этникалық қазақтардан қандастар мәртебесін беру және ұзартуға өтінішті қажетті құжаттарымен қоса қабылдайды;
62) этникалық қазақтардан қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтінішті қажетті құжаттарымен қоса қабылдайды;
63) қандастар мәртебесін беру немесе ұзарту туралы шешім қабылдайды;
64) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайды;
65) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайды;
66) қандастарды қабылдау жөніндегі комиссияны құрады және оның қызметін ұйымдастырады;
67) қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдыстыру қызметтерін көрсетеді;
68) «Ата жолы» картасын беру туралы шешім қабылдайды;
69) қандастар күзлігін беруді жүзеге асырады;
70) қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталықтары, уақытша орналастыру орталықтарын құрады және олардың қызметін ұйымдастырады;
71) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган болған жерге шегінде, өз аумағы және (немесе) басқа да өкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде не квотадан тыс корпоративтік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды беруді немесе ұзартуды, сондай-ақ қорғалатын рұқсаттарды тоқтата тұруды және кері қайтарып алуды жүзеге асырады;
72) шетелдік жұмыскерлерге өз бетінше жұмысқа орналастыру үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтама береді;
73) ұлттық қауіпсіздік органдарын хабарлар ете отырып, бизнес-көшіп келушілердің уақытша тұруға арналған рұқсаттарының қолдану мерзімін ұзартуға немесе қысқартуға өтініштер береді;
74) Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдерге тұратын этникалық қазақтардың арасынан туыстарын Қазақстан Республикасына отбасын біріктіру мақсатында қоныстандыру үшін шақыруларын халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қарайды және қолданырады;
75) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынылуын ұйымдастыруды жүзеге асырады;
76) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;
77) азаматтардың құқықтық тәртібін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
78) Қызылорда облысы әкімдігі атынан: мемлекеттік орган болып табымайтын ведомстволық бағынысты облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға қатысты құрылтайы ретінде әрекет етеді;
облыстық коммуналдық меншікке акциялары (қатысу үлесі) бар заңды тұлғаларға қатысты акционер (қатысушы) ретінде әрекет етеді;
79) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және көші-қон саласы бойынша жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады»;
24-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«5) «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының» «Оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»;
24-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшаны толықтырылсын:
«6) «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының» «Еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі».
2. «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамасына сәйкес өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық және әлеуметтік қорғалатын қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді;
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары М.З.Шермаганбетов жүктелсін.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Іздеу салдаы
Қызылорда қаласының тұрғыны болған, 1990 жылдың 2 ақпанында Шымкент қаласында туылған Курманбекова Зарина Аликвановна хабар-оңарсыз кетуіне байланысты Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданарлық сотының 2023 жылғы 13 қарашадағы (№5242-23-3-1/1136 іс) ұйғарымы негізінде Дербисова Айымкул Аскарбековна іздеу салды.
Курманбекова Зарина Аликвановна көрген-білген азаматтар болса осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 (үш) ай мерзімін ішінде Шымкент қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, №7 А мекен-жайда орналасқан Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданарлық сотына хабарласуын сұраймыз.

